**Инвариантты компонент 6 білім саласынан тұрады:** «Тіл және әдебиет» (жүктеме: апталық – 55 сағат, жылдық – 1870 сағат), «Математика және информатика» (жүктеме: апталық – 30 сағат, жылдық – 1020 сағат), «Жаратылыстану» (жүктеме: апталық – 27 сағат, жылдық – 918 сағат), «Адам және қоғам» (жүктеме: апталық – 16 сағат, жылдық – 544 сағат), «Технология және өнер» (жүктеме: апталық – 9 сағат, жылдық – 306 сағат), «Дене шынықтыру» (жүктеме: апталық – 15 сағат, жылдық – 510 сағат). Білім салалары бірнеше оқу пәнін қамтиды: «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері; «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері; «Адам және қоғам» білім саласына – «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері; «Технология және өнер білім саласына» - «Музыка», «Көркем еңбек»; «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

**Вариативтік компонент 3 апталық сағатты құрайды** (жылдық жүктеме – 102 сағат) 5-9 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курстарының оқытылуын жүзеге асырылды.

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері: білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру; тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру; білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту; эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу; мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижесі: «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Күтілетін нәтиже: негізгі орта білім беруде жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқушылардың білім және білік дағдылары қалыптасады.

Вариативті компонент негізінде білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

### **9 сынып үйде оқыту.**

**Инвариантты компонент 4 білім саласынан тұрады:** «Тіл және әдебиет» (жүктеме: апталық – 8 сағат, жылдық – 272 сағат), «Математика және информатика» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Жаратылыстану» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Адам және қоғам» (жүктеме: апталық – 3 сағат, жылдық – 102 сағат). Білім салалары бірнеше оқу пәнін қамтиды: «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері; «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері; «Адам және қоғам» білім саласына – «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәні кіреді. Вариативті компонент қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» **55 қосымшаға сәйкес**, Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 26.10.2023 ж. №323 соңғы өзгерістері негізінде құрылды.

### **10-11 сыныптарда:**

10-11 сыныптардың жұмыс оқу жоспары ««Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 86-қосымшасы - «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде құрылған.

**Инварианттық компонент келесі пәндерінен тұрады:** «Қазақ тілі» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Қазақ әдебиеті» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Орыс тілі мен әдебиеті» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Шетел тілі» (жүктеме: апталық – 6 сағат, жылдық – 204 сағат), «Алгебра және анализ бастамалары» (жүктеме: апталық – 8 сағат, жылдық – 272 сағат), «Геометрия» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат) «Информатика» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Физика» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Химия» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Биология» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «География» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат); «Қазақстан тарихы» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Дүниежүзі тарихы» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Құқық

негіздері» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Дене шынықтыру» (жүктеме: апталық – 6 сағат, жылдық – 204 сағат), «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат).

**Вариативті компонент** 10-11«Жаһандық құзіреттілік» курстардың оқытылуына 2 апталық сағат бөлінген. (жылдық жүктеме – 68 сағат)

Курстың мақсаты:білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Курстың міндеттері: білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру; кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту; білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру; бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу; бизнестің өмір сүруін арттыру мақсатында бәсекелестіктің өзгертін жағдайларында бизнес-модельдеу және бейімдеу дағдыларын дамыту; зерттеу жүргізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру; өзінің жетістіктері мен өзінің өмірлік ұстанымы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

Күтілетін нәтиже: «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

10-сыныпта сыныпта «Генетика және селекция негіздері» - 1 сағат. Курстың мақсаты: Оқушыларды әлеуметтендіру, ЖОО-на дайындау үшін терең білім беру, өмірде өзі игеретін мамандыққа баулу;оқушылардың генетикалық білімдерін кеңейту, жүйелеу, дамыту.

Курстың міндеттері:Генетика мен селекцияның ғылымының негізгі қағидаларын, ағзалардың тіршілік әрекеттерін, олардың жеке және тарихи дамуы, құрылымы, қызметі, адам әрекетінің медициналық биологияда болатын өзгерістерге әсері туралы білімді қамтамасыз; оқушылардың жалпы дүниетанымын қалыптастыруда биологиялық ұғымдарды, көзқарастарды, заңдылықтарды негізгі тірек ретінде пайдалана білу.

Күтілетін нәтиже: оқушының жеке тұлғалық сипатын айқындап, оларды кәсіпалды дамыту, пән олимпиадасына қатысады, жоба қорғайды, өзін-өзі бағалай алады; танымдылық іс-әрекеті, тапқырлығы артады, қызығушылығы оянады; жоғары деңгейдегі оқу дағдылары дамиды, ізденеді, ойларын жеткізеді; жаңа ұғымдардың мәнін дұрыс түсінеді, орынды қолдану біліктілігі артады.

10-сыныпта сыныпта «Химия сабағында пәндерді интеграциялау арқылы есептер шығару» - 1 сағ

Курстың мақсаты: Химия сабағында физика және математика пәндерін интеграциялау арқылы есептер шығарудың алгоритмдерін үйрету. Білім алушыларды әр түрлі қосымша материалдарды пайдалана отырып,ізденуге баулу.

Курстың міндеттері: Пәнаралық байланыста есеп шығару әдістеріне қарай сандық, сапалық,графиктік есептер арқылы білім алушылардың білім деңгейін жоғарлату.

Алынған теориялық білімді сандық және сапалық әртүрлі типті есептерді шешуде практикалық біліктіліктерін белсенді қолдана білуін қалыптастыру.

Салыстыру, талдау, қорытынды жасау, үлгілеу, өзін-өзі реттеуге, өз бетінше білім алуға біліктіліктерін дамыту. Білім алушыларды пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Әртүрлі типтегі есептерді шығару оқушылардың теориялық білімдерін тиянақтап, іс жүзінде қолдана білуге дағдыландырады.

Химиялық заңдылықты, теорияны, құбылыстарды, үрдістерді түсінеді.

Химия тілімен сөйлеу, ойлау, практикалық біліктілігі болады.

Сандық және сапалық есептерді шешу алгоритмдерін біледі.

Стандарттық емес жағдайда білімдерін қолдана біледі.

Жоғары оқу орындарында кәсіби дайындық алуға мүмкіндік береді.

11-сыныпта сыныпта «Адам анатомиясы мен физиологиясы» - 1 сағат. Курстың мақсаты: Жоғарғы сынып оқушыларын дәрілік кәсіпке бағдарлай отырып, ҰБТ осы элективті курстан қосымша мәліметтер беру арқылы биология курсын толық оқып үйрену. Биология курсында адам анатомиясы, физиологиясы және жалпы биологияны оқыта отырып, оқушылардың тестпен жұмыс істеу білуін, соңғы интерактивті технологиялармен сарамандық жұмыс жасай отырып, қорытындысында жақсы нәтиже көрсете алуға үйрету.

Курстың міндеттері: Медицинадағы ғылым салаларының өміріндегі атқаратын рөлін түсіндіре отырып оқушы қызығушылығы ояту. Адам ағзасының құрылысы мен атқаратын қызметіне тоқтала отырып, олардың қандай жағдайда ауруларға ұшырайтынын, оны емдеу шаралары мен оның құрылыс ерекшеліктерімен таныстыру. Өзіне қиындық тудырған тақырыптар бойынша жергілікті дәрігерлермен байланыс жасау.

Күтілетін нәтиже: оқушының жеке тұлғалық сипатын айқындап, оларды кәсіпалды дамыту, пән олимпиадасына қатысады, жоба қорғайды, өзін-өзі бағалай алады; танымдылық іс-әрекеті, тапқырлығы артады, қызығушылығы оянады; жоғары деңгейдегі оқу дағдылары дамиды, ізденеді, ойларын жеткізеді; жаңа ұғымдардың мәнін дұрыс түсінеді, орынды қолдану біліктілігі артады.

11-сыныпта «Химия пәнінен сандық есептерді шығару» - 1 сағат.

Курстың мақсаты: Сандық есептерді шығаруда тиімді әдістерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, пәнаралық байланыстағы есептерді шығаруға үйрету. Білім алушылардың талдау, салыстыру, тұжырымдау, ой-өрісін, өз бетімен ойлау қабілеттерін дамыту. Химия бойынша элективті оқу бағдарламасы арқылы табиғи құбылыстар, заттардың қасиеті, есептерді шешу жолдары, химияға қатысты тың мәліметтерді өздігінше іздеу, өзін-өзі жетілдіру күзиреттіліктерін қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

Білім алушының теориялық білім деңгейін арттыра отырып, білімін тереңдету мен жүйелеу. Білім алушылардың химия есептерін шешудің негізгі әдіс-тәсілдерін меңгеру. Типтік есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру. Есептер шығару барысында білім алушының білімі, зердесі, ойлау қабілеті дамумен қатар, химиялық білімді, заңдарды, құбылыстарды тереңірек түсінуін



қалыптастырады.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар есептерді шешу стратегиясын құра алады;  
Берілген есептерді жіктей алады;  
Есептерде берілген тапсырмаларды терең ұғына алады;  
Химиялық есептерге берілген барлық тапсырмаларды ұғынады;  
Есепті шешудің ең дұрыс әрі тиімді жолдарын біледі;  
Есепті шешуге саналы түрде батыл бара алады;  
Есепті қайта өзі тексере алады және ой түйіндейді;  
Өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады, ой-өрістері кеңейеді;  
Алған білімін өмірде қолдана алады.

## **2024-2025 оқу жылы**

«Қамысты ауданының білім бөлімінің №2 Қамысты жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылында арналған оқу жұмыс жоспары :

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы на сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының соңғы енгізілген өзгерістерінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы негізінде құрылды.

2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттағы қолданыстағы заңнаманы сақтай отырып құрылды.

2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығымен бекітілген мерзімдерін негізге алынды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23890 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алынып жасалынды.

Жұмыс оқу жоспары барлық пәндерден сабақ беретін мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, 29.08. 2024 ж. №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

## **Бастауыш сыныптарда**

Мемлекеттік тілінде оқытатын бастауыш білім берудің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8

қарашадағы № 500 бұйрығына 1 қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары», «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 08.02.2024 ж. №27 соңғы өзгерістері негізінде құрылды.

Инвариантты компонент 6 білім саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет» (жүктеме: апталық – 37 сағат, жылдық – 1252 сағат), «Математика және информатика» (жүктеме: апталық – 21,5 сағат, жылдық – 726,5 сағат), «Жаратылыстану» (жүктеме: апталық – 5 сағат, жылдық – 169 сағат), «Адам және қоғам» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 135 сағат), «Технология және өнер» (жүктеме: апталық – 11 сағат, жылдық – 371 сағат), «Дене шынықтыру» (жүктеме: апталық – 12 сағат, жылдық – 405 сағат). Білім салалары бірнеше оқу пәнін қамтиды: «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Әліппе, Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі» пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика», «Цифрлық сауаттылық» пәндері; «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану» пәні; «Адам және қоғам» білім саласына – «Дүниетану» пәні; «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндері; «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

#### **Вариативтік оқу жүктемесі:**

2024-2025 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарының вариативті компоненттері ұсынылған: бастауыш білім беруде – дамушы сипаттағы жеке және топтық сабақтар аптасына 1 сыныпта 1 сағат, 2-сыныпта 2 сағат, 3-сыныпта 1 сағат, 4-сыныпта аптасына 1 сағат жүктемесі беріледі. 1-сыныпта «Грамматика әлемі» 1 сағат (жылдық жүктемесі – 33 сағат).

**Мақсаты:** Білім алушылардың білім, білік дағдыларын ойын арқылы қалыптастыра отырып, ұлттық құндылықтарын ояту және алған білімдерін өмірде, тәжірибеде пайдалана білуге, түсінуге, қолдана білуге үйрету.

**Міндеті:** Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету, ақыл-ойын интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушының өмірге қажетті білім, білік дағдысын қалыптастыру, сауатты, жүйелі, анық, бейнелі сөйлеуге дағдыландыра отырып, ақыл-ойын, интеллект-туалдық белсенділіктерін арттыру.

**Күтілетін нәтиже:** ойын тапсырмалары арқылы сөз байлықтары мен сөздік қорлары, сөйлеу тілдер дамиды, ауызша және жазбаша тілінің қызмет ерекшеліктерін айқындайды, әртүрлі қызықты тапсырмаларды қолданудың арқасында балалар өз ойын дәлелдеуге үйренеді, өздігінен жұмыс жасауға жаттығады, орындаған жұмыстарына талдау жүргізіп, өзін-өзі бақылай алады. 2-сыныпта «Нейрожаттығулар логика әлемінде» математика оқу пәнінен 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

**Мақсаты:** Білім алушылардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Нейрожаттығулар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, өз бетінше шешім қабылдай алуға, қорытынды жасауға бейімдеу.

Міндеттері: Білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету, өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру, негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету, нейрожаттығулардың ойлау қабілеттеріне оңтайлы әсер ететінін түсіну.

Күтілетін нәтиже: Нейрожаттығулардың тиімділігін меңгереді, функционалдық сауаттылығы артады, абстрактілі, логикалық, алгоритмдік және есептік ойлауы дамиды, математикалық білім жүйелері мен біліктері қалыптасады, математикалық мәдениетті және логикалық ойлауын өмірде тиімді қолдана алады.

2-сыныпта «Нейрожаттығулардың жылдам оқудағы пайдасы»

әдебиеттік оқу пәнінен 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Мақсаты: Бастауыш сынып білім алушыларының оқу шапшаңдық дағдыларын қалыптастыра отырып, сауатты сөйлеуге үйрету, оқуға деген құштарлығын, функционалдық сауаттылығын дамытып, мәдениеттілікке баулу.

Міндеттері: Білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Білім алушылардың нейрожаттығуларды ұтымды қолдана алуға баулу. Отбасылық оқуға ықпал жасау, кітап оқу- келешек ұрпақтың рухани азығы екендігін жеткізу, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді механизмдерін таңдау арқылы бастауыш сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: Оқу құштарлығы артады, білім алушылардың оқу сауаттылығы, дағдысы қалыптасады. Білім алушылардың өз бетінше оқу ынтасы дамиды. Білім алушылардың оқу мәдени деңгейі мен дүниетанымы қалыптасады. Оқу шапшаңдығы артып, жоғары нәтижеге ие болады.

3-сыныпта «Тілдің көркі сөз» 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Мақсаты: Оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру, оқушының ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу, тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру, тіл мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері: Тіл мәдениеттерін дамыту, өз бетінше жұмыс жасай білуге үйрету, сөздік қорларын байыту арқылы коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге бағыттау; ұлттық және жалпы әлемдік рухани құндылықтарын сақтауға тәрбиелеу, мәтіндермен жұмыс жасау арқылы функционалдық сауаттылығын арттыру

Күтілетін нәтиже: Тіл мәдениетін меңгереді, логикалық ойлауы жоғары деңгейде дамиды, ұлттық мәдениетті құрметтеуге үйренеді, тіл байлығы артып, функционалдық сауаттылығын дамиды, шешен сөйлей біледі, өз ойын еркін жеткізеді.

4-сыныпта «Логикалық математика» 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Мақсаты: Білім алушылар өздігінен білім алып, дами алатын, алған білім, білік дағдыларын іс жүзінде қолдана алатын жеке тұлғаны қалыптастыра отырып

және логикалық есептер арқылы функционалдық сауаттылықтарын ББЖМ –да тиімді қолдануға жағдай жасау.

Міндеті: математиканың өмірмен байланысын ашып көрсету, оқу материалымен байланыстыра отырып оқушының білімділіктерін арттыру, алған білімдерін ББЖМ-да іс жүзінде пайдалана білуге үйрету, математикалық білім, білік дағдыларының белгілі жүйелерін меңгерту, функционалдық сауаттылық тапсырмаларын меңгерту

Күтілетін нәтиже: Есептердің себебі мен салдарын айқындап, дәстүрлі емес есептердің шығару жолын жүйелей біледі, есептерді құрастыру, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау, логикалық есептерді жылдам есептеу және есепті шығару жолының ретін сақтайды, математиканы өмірмен байланысын анықтау, есептерін шығару жолындағы маңызды орнын түсінеді, берілген есепті классификациялау, қарапайым есептерді құрастырады, білім алушының математикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және әртүрлі практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімін қолданады. Осы оқу жоспары білім алушылардың қызығушылығын қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту бойынша міндеттерді орындауға ықпал етеді, бұл ретте мемлекеттік білім беру стандартының базалық компоненті толық сақталған.

## **5-9 сыныптарда:**

Қазақ тілінде оқытатын негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары», Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 08.02.2024 ж. №27 соңғы өзгерістері негізінде құрылды.

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 43-44 тармағына сәйкес сыныпты екі топқа бөлудің қалалық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында 24 және одан да көп білім алушыларда, ауылдық білім алушыларда-20 және одан да көп білім алушылар болғанда көркем еңбек, сондай ақ сыныптардың 2 топқа бөлінуі сыныптың толымдылығына қарамастан көркем еңбек бойынша қыздар мен ұлдарға 5 пен 9-сыныпқа дейін қарастырылды.

**Инвариантты компонент** 6 білім саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет» (жүктеме: апталық – 55 сағат, жылдық – 1870 сағат), «Математика және информатика» (жүктеме: апталық – 30 сағат, жылдық – 1020 сағат), «Жаратылыстану» (жүктеме: апталық – 27 сағат, жылдық – 918 сағат), «Адам және қоғам» (жүктеме: апталық – 16 сағат, жылдық – 544 сағат), «Технология және өнер» (жүктеме: апталық – 9 сағат, жылдық – 306 сағат), «Дене шынықтыру» (жүктеме: апталық – 15 сағат, жылдық – 510 сағат). Білім салалары бірнеше оқу пәнін қамтиды: «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі» пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері; «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері; «Адам және қоғам» білім

саласына – «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері; «Технология және өнер білім саласына» - «Музыка», «Көркем еңбек»; «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

### **Вариативтік оқу жүктемесі:**

Негізгі орта білім беруде вариативті компонент 5-тен 9-сыныпқа дейінгі «Жаһандық құзыреттілік» ұсынылған, оқу жүктемесі 0,5 сағаттан 5-тен 8-сыныпқа дейін, жылына 17 сағат, 9-сыныпта аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. «Жаһандық құзыреттілік» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормалары мен мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курс ҚР Білім Министрінің 21.11.2022 ж. №467 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы негізінде өткізіледі.

### **10-11 сыныптарда:**

Қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 10,11-сыныптардың жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86 қосымшаға сәйкес «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары», Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 08.02.2024 ж. №27 соңғы өзгерістері негізінде құрылды.

Жұмыс оқу жоспары барлық пәндерден сабақ беретін мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, 29.08. 2024 ж. №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

**Инварианттық компонент келесі пәндерінен тұрады:** «Қазақ тілі» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Қазақ әдебиеті» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Орыс тілі мен әдебиеті» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Шетел тілі» (жүктеме: апталық – 6 сағат, жылдық – 204 сағат), «Алгебра және анализ бастамалары» (жүктеме: апталық – 8 сағат, жылдық – 272 сағат), «Геометрия» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат) «Информатика» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Физика» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Химия» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Биология» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «География» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат); «Қазақстан тарихы» (жүктеме: апталық – 4 сағат, жылдық – 136 сағат), «Дүниежүзі тарихы» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Құқық негіздері» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат), «Дене шынықтыру» (жүктеме: апталық – 6 сағат, жылдық – 204 сағат), «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (жүктеме: апталық – 2 сағат, жылдық – 68 сағат). Жалпы орта білім беруде вариативті компонент «Жаһандық құзыреттілік» 10 -11 сыныптарда аптасына 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық

өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Курстың міндеттері: білім алушыларда кәсіпкерліктің теориялық негіздерін қалыптастыру; кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндіктерді көре білуді дамыту; білім алушыларда қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру; бизнес-идеяларды генерациялау және оларды кәсіпкерлік қызмет деңгейіне дейін дамыту дағдысына ие болу; бизнестің өмір сүруін арттыру мақсатында бәсекелестіктің өзгертін жағдайларында бизнес-модельдеу және бейімдеу дағдыларын дамыту; зерттеу жүргізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру; өзінің жетістіктері мен өзінің өмірлік ұстанымы үшін жауапкершілікті тәрбиелеу болып табылады.

Күтілетін нәтиже: «Жаһандық құзыреттілік» курсы оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу, коммуникация, жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу мен талдау дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Элективті курстар:

10-сыныпта сыныпта «География адам өмірінде: мәдениет, экономика, жаһандану» - 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Курстың мақсаты: Қазіргі заманғы әлемнің елдерінің түрлерімен, оның аумағын, географиялық орналасуын, мемлекеттік құрылымның нысандарын, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейлерін анықтап, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдете отырып, оқушылардың жаһандық саяси-экономикалық білімдерін тереңдету.

Курстың міндеттері: Географиялық қабықтың тұтастығы мен дифференциациясын континенттерде, өңірлерде және әлемдегі жеке компоненттері арасындағы байланыстар туралы оқушылардың пікірлерін қалыптастыру, саяси география бойынша білім алушыларға қазіргі әлемде бағыттарын білуге көмектесетін білім қорын беру, саяси географияға, география мамандығына қызығушылықтарын арттыру, картографиялық сауаттылықты қалыптастыруға жәрдемдесу, география пәнінен қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ге сапалы дайындауға қолайлы жағдай қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Әлемнің саяси картасын қалыптастырудың негізгі кезеңдерін, халықаралық ұйымдар, олардың мәні мен функцияларын, қазіргі мемлекеттердің типологиясын, елдердің континенттер бойынша таралуын біліп, статистикалық материалдарды өңдеп, тарихи және саяси карталарды талдап, ғаламтордың ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып ГАЖ базасын құра алады, кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру болып табылады.

10-сыныпта сыныпта «Химия сабағында пәндерді интеграциялау арқылы

есептер шығару» - 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Курстың мақсаты: Химия сабағында физика және математика пәндерін интеграциялау арқылы есептер шығарудың алгоритмдерін үйрету. Білім алушыларды әр түрлі қосымша материалдарды пайдалана отырып, ізденуге баулу.

Курстың міндеттері: Пәнаралық байланыста есеп шығару әдістеріне қарай сандық, сапалық, графиктік есептер арқылы білім алушылардың білім деңгейін жоғарлату. Алынған теориялық білімді сандық және сапалық әртүрлі типті есептерді шешуде практикалық біліктіліктерін белсенді қолдана білуін қалыптастыру. Салыстыру, талдау, қорытынды жасау, үлгілеу, өзін-өзі реттеуге, өз бетінше білім алуға біліктіліктерін дамыту. Білім алушыларды пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: Әртүрлі типтегі есептерді шығару білім алушылардың теориялық білімдерін тиянақтап, іс жүзінде қолдана білуге дағдыландырады, стандарттық емес жағдайда білімдерін қолдана біледі. Жаратылыстану-ғылыми құзыреттіліктері дамиды, жоғары оқу орындарында кәсіби дайындық алуға мүмкіндік береді .

11-сыныпта сыныпта «Тригонометриялық өрнектерді түрлендіру» - 1 сағат (жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Курстың мақсаты: Білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, математикалық ой-өрісін, шығармашылық білімін дамыту арқылы математикадан оқушылардың білім сапасын арттыру.

Міндеттері: Білім алушының теориялық білімін тереңдету, функциялардың қасиеттерін қолдана білу, математиканы оқытуда техникамен оған жақын ғылымдарды қолдану, халықшаруашылығы мен тұрмыстан қолдануға бағыттау, немесе оқытуға политехникалық бағыт беру, тригонометриядағы білімін дамыта оқыту, есеп шығару арқылы игерілген білімдерін тереңдету.

Күтілетін нәтиже: Білім алушылардың теориялық білімі тереңдейді, теңдеулерді және теңсіздіктерді шешу тәсілдерін меңгереді, функциялардың қасиеттерін қолдана біледі, математиканы оқытуда техника мен оған жақын ғылымдарды, халықшаруашылығы мен тұрмыста қолдануға бағыттау немесе оқытуға политехникалық бағыт беру, тригонометриядағы білімін дамыта оқыту, тригонометриялық функцияның формулаларының мәнін, шығу тегін түсінеді, есеп шығару арқылы игерген білімдері тереңдейді.

11-сыныпта «Химия пәнінен сандық есептерді шығару» - 1 сағат(жылдық жүктемесі – 34 сағат).

Курстың мақсаты: сандық есептерді шығару дағдыларды қалыптастыру, танымдық белсенділікті, логикалық ойлауды дамыту. Химия пәні бойынша электитві оқу бағдарламасы арқылы есептерді шешу жолдары, химияға қатысты тың мәліметтерді өздігінше іздеу, өзін-өзі жетілдіру құзіреттіліктерін қалыптастыру. Қорытынды аттестаттауға сапалы дайындық жасау.

Курстың міндеттері: Білім алушының теориялық білім деңгейін арттыра отырып, білімін тереңдету мен жүйелеу. Білім алушылардың химия есептерін шешудің дағдыларын жүзеге асыру тәжірибесін қалыптастыру. Есептер шығару барысында білім алушының білімі, зердесі, ойлау қабілеті дамумен қатар, химиялық білімді, заңдарды, құбылыстарды тереңірек түсінуін қалыптастыру, жаратылыстану ғылыми сауаттылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: Білім алушылар есептерді шешу стратегиясын құра алады, танымдық және ғылыми-зерттеу құзіреттері дамыйды, ізденіс іс-әрекет тәжірибесі қалыптасады, сандық және сапалық әртүрлі типті есептерді шешуде практикалық біліктіліктері қалыптасады. Қорытынды аттестаттауға сапалы дайындық жасайды, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білетін болады.

Осы оқу жоспары білім алушылардың қызығушылығын қанағаттандыру және қабілеттерін дамыту бойынша міндеттерді орындауға ықпал етеді, бұл ретте мемлекеттік білім беру стандартының базалық компоненті толық сақталған

## 2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру .

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған таңдау және факультативтер бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылды.

### **Білім беру саласының мазмұны:**

«Тіл және әдебиет» бастауыш мектепте қазақ тілінде оқыту «Әліппе, Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылады. «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» пәндерімен ұсынылған, «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» пәнімен ұсынылған, «Адам және қоғам» білім беру саласына «Дүниетану» пәні кіреді, «Технология және өнер» білім беру саласы «Музыка», «Көркем еңбек», «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» оқу пәндерінде жүзеге асырылады «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Дене шынықтыру» салалары іске асыратын оқу бағдарламасының инварианттық құрамдас бөліктері оқу үшін міндетті болып табылады. Білім салалары бірнеше оқу пәнін қамтиды.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдардың базистік негіздерін меңгеруін, тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениеті мен мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейін алды даярлықты іске



асыруды қамтамасыз етеді және мынадай пәндер шеңберінде іске асырылады: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» 5-9 сыныптарда, «Шет тілі» (ағылшын) 5-9 сыныптарда, «Математика» - 5-6 сыныптарда, «Алгебра» – 7-9 сыныптарда», «Геометрия» – 7-9 сыныптарда, «Информатика» – 5-9 сыныптарда, «Жаратылыстану» - 5-6 сыныптарда, «Физика», «Химия», «Биология», «География» 7-9 сыныптарда, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих» 5-9 сыныптарда, «Құқық негіздері» 9 сыныпта, «Музыка» – 5-6 сыныптарда, «Көркем еңбек» – 7-9 сыныптарда, «Дене шынықтыру» 5-9 сыныптар.

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдардың базистік негіздерін игеруін, тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары рухани-адамгершілік мәдениеті мен мәдениетін қалыптастыруды, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды, бейін алды даярлықты іске асыруды қамтамасыз етеді және мынадай пәндер шеңберінде іске асырылады: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі» (ағылшын), «Алгебра және анализ бастамалары» – 10-11 сыныптарда, «Геометрия» - 10-11 сыныптарда, «Информатика» – 10-11 сыныптарда, «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих», «Құқық негіздері», «Дене шынықтыру» -10-11 сыныптарда, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық 10-11 сыныптарда. Ивариантты бөлімнің барлық оқу пәндері бойынша бағдарламалар орындалады.

«2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес мереке күндеріне түскен сабақтар басқа күндерге ауыстырылды, сабақ тақырыптары / оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес біріктірілді.

Мектеп педагогтары оқу қызметі барысында ілеспе және кеңес беру бойынша үлгерімі төмен білім алушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізеді, бірінші сынып оқушыларының психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету, оқу қызметін ынталандырады (көтермелеу, табысқа жету жағдайларын жасау, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.), күзгі, қысқы және көктемгі демалыстарда қосымша сабақтар өткізеді.

Оқытудың нысандары мен әдістері білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің табыстылығын, алған білімдерін оқу және практикалық қызметте қолдана білуді қамтамасыз ететін логикалық, сыни және сындарлы ойлауды қалыптастыруға бағытталған. Сабақтарды өткізу кезінде келесі педагогикалық технологиялар қолданылады: ойын технологиялары, ұжымдық оқыту әдістері, ынтымақтастықта оқыту, жоба әдісі, көп деңгейлі оқыту, ақпараттық технологиялар, дифференциалды тәсіл.

Оқу пәндері бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар «Bilim Class» порталында толық көлемде ұсынылған.

Ұзақ мерзімді жоспарлардың тақырыптары, бағдарламалық материалдың мазмұны, тақырыптардың саны мен тәртібі типтік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда бөлімнің және тоқсанның жиынтық жұмыстары көрсетілген.

3. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Тәрбие жұмыстарын жоспарлағанда Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жасалды.

**2022-2023 оқу жылдарында тәрбиенің негізгі** бағыттары бойынша мектепшілік 1-11 сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыс жасауда. Оқушыларға Қазақстан Республикасының құқықтық білім беру Концепсиясын,(21.06.1995ж)(20.11.1989ж) таныстыру жұмыстары жүргізілген.жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы азаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып,тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2.Рухани-адамгершілік тәрбие

3.Ұлттық тәрбие

4.Отбасы тәрбиесі

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8..Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу – тәрбие бағдарламасын шеңберінде төмендегі жобалар іске асыруда:

✓ «Оқуға құштар мектеп»;

✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»

✓ «Қоғамға қызмет»;

✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;

✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;

✓ «Музей сабақтары»;

- ✓ «Театр сабақтары»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Үндестік»;
- ✓ «9 ай – 9 іс – шара»;
- ✓ «Төрт тоқсан – төрт өнер»

2022-2023 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарлары және айлық жоспарлар бар. Әр оқу жылында атқарылған іс шаралар жинақталып, анықтамалары жазылған. Оқушылардың субъективті жаңа білімді тану және меңгеру мәселерін шешуге, ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті зерделеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Ұлттық құндылықтарды насихатау, отбасы құндылықтарын дамыту мақсатында 2022-2023 оқу жылында «Білім күні», «Ең бірінші бақытым тілім менің» мерекелік іс-шарасы болып өтті. Іс шара барысында мектеп оқушылары белсенділікпен ат салысты. 2022-2023 оқу жылында мектебімізде: Отбасы күніне арналған іс-шаралар, «Өзін-өзі басқару күні» акциялары, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар; қазан: «Қарттар күні» «Мұғалімдер күні» «Республика күні», Желтоқсан: «Тұғыры биік, тамыры терең Тәуелсіздік» іс-шарасы өткізілді.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні, құқықтық тәрбие, "Жаңа жыл»;

- қаңтар: құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы, «Оқуға құштар мектебі» жобасы бойынша іс шаралар, қыздар, ұлдар кеңесінің жұмыстары; «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне» АӘТД оқытушы Абеуов Ж.К. ұйымдастыруымен «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне» орай, оқушыларды Отанды сүйуге және ерлікке, бірлікке, ел тарихын білуге шақыру мақсатында әскери-патриоттық тәрбиелік мәні зор маңызды іс-шара өтті. Мерекелік бағдарламаға мектептің жоғары сынып оқушылары қатысып, ардагерлерге құрмет көрсетілді. Ардагерлер өскелең ұрпаққа патриоттық сезімді арттырып, жақсылық пен татулықтың өміріміздегі маңыздылығын түсіндірді.

<https://www.instagram.com/p/COPpyVWANWN/?igshid=y96cndfbuezy>

<https://www.instagram.com/tv/CORoxpJgHr9/?igshid=hwlmxf8i2h6e>

- ақпан: патриотизм сабақтары, «Балалар кітапханасы жобасы», цифрлық сауаттылық, кибербулинг, мамандықтар әлемі;

- наурыз: «Алғыс айту күні», Халықаралық әйелдер күні, «Қош келдің, Әз Наурыз!», Азаматтық қорғаныс күні;

- сәуір: «Көктемгі жақсылық апталығы», «Жасыл Ел» бағдарламасы бойынша іс-шаралар, «Таза аула» акциясы, «Мектеп түлектерінің аллеясы», «Әкелер күні» мерекесіне арналған іс-шаралар, дене шынықтыру, сауықтыру шаралары;

- мамыр: «Қазақстан халқының Бірлігі күні», «Жеңіс күні», «Соңғы қоңырау»; - маусым: «Балаларды қорғау күні», «ҚР рәміздері күні», әскери патриоттық оқу дала жиыны, «Мектеп бітіру кеші». 2022- 2023 оқу жылында «Оқуға құштар жобасы» аясында «Абай оқулары» байқауы, Мұқағали Мақатаев өлеңдерін жатқа оқу, Ыбырай Алтынсарин әңгімелер шебері. Ахмет Байтұрсынов – ұлт ұстазы. «Ауылдық кітапханаға саяхат», «Отбасыммен бірге оқимыз», «Сүйікті кейіпкерім», «Апамның ертегілері», «Кітап жарнамасы» атты іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар, тәрбие жұмыстарын бағыттарын жалпы қамту мақсатында сынып сағаттары өткізілді. Жоғарыдағы атап кеткен барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, челлендж, эскурсия, саяхаттар, квест, интеллектуалдық ойындар т.б. негізінде жүзеге асырылады. Сынып жетекшілердің бірлестігінде 11 сынып жетекші жұмыс істейді. Тәрбие ісіне байланысты нормативтік құжаттар, нұсқаулық хаттар, мектепшілік тәрбие жоспарларының жоспарлануы, құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-анамен жұмыс, үйірмелердің өтуі, сынып сағаттарының жоспарлануы және журналға сынып сағаттарының толтырылуы, іс-шараларының өту формалары, оқушылардың тәрбиелік деңгейі және жалпы тәрбиеге байланысты өткізілетін іс-шаралардың өту деңгейі қанағаттанарлық.

Атап айтар болсақ, 2022-2023 оқу жылында «Тыныштық басты байлық» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндаманы мектебіміздің АӨТД пәнінің мұғалімі Абеуов Ж.К. жүргізді.

«Жас ұлан», «Жас қыран» ұжымына оқушыларымыз ант қабылдады. Ант қабылдау барысында мерекелік тәуелсіздік күні де аталып өтті.

2022 – 2023 оқу жылы «Төрт тоқсан – Төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жобасының тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытында «Туған өлкем» фестивалі аясында «Ұланбасы – III мыңжылдықтың көшбасшысы» аудандық байқау ұйымдастырылды. Оған аудан мектептерінің жас ұландары қатысты. Негізгі мақсаты: «Жас Ұлан» – өскелең ұрпақты жоғары рухани адамгершілік құндылықтармен қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру.

**Нәтижесінде** мектеп президенті Касаев Жандос белсене атсалысып, «Мен балалар қозғалысының көшбасшысымын» номинациясында 1 орынға ие болды.

- «Біз Қазақстанның болашағымыз!» эссе байқауында – 2 орынға ие болды және «Ұланбасы – III мыңжылдықтың көшбасшысы» аудандық байқауының – 3 орын жеңімпазы. Жетекшісі: мектептің аға – тәлімгері Бурамбаева А.Ж.

<https://www.instagram.com/p/CooS4LGNwe6/?igsh=MXM3OTZ1aDc2b2l5aw==>

Осы айтылған іс-шаралардың барлығы мектеп инстаграм парақшасында жарияланған. (qamysty.orta.mektebi)

**2023-2024 оқу жылында тәрбие процесінде** басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспары негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Сонымен қатар оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар іске асырылады: «Еңбек адал жас өркен», «Жеткеншектің жеті жарғысы», «Ұрпаққа аманат», «Ұлттық мектеп лигасы», «Дебат», «Театр», «Өзін - өзі басқару», «Оқуға

күштар мектеп», « 9 ай – іс шара», « Төрт тоқсан – төрт өнер», «Үндестік», Музей сабағы..

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салтдәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды. Осындай мақсат-міндеттерді басшылыққа ала отырып, биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, талап бағыттары бойынша жүргізілуде.

Кешенді жоспарды іске асыруда тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстары салауатты өмір салтына ынталандыру, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін және ұжымда жұмыс істей білуге баулу, ата-аналар жиналысын өткізу, оқу жетістіктері мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналамен жұмыс жүргізу жопарланды. Оқу жылының басында ата-ана, мұғалімдер, оқушылар арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талқыланып, жоспарланды Мектепте дәстүрлі және шығармашылық істер төңірегінде құрылатын өзіндік тәрбие жүйесі қалыптасты: - қыркүйек: «Білім күні», «Мектепке жол», «Денсаулық күні», «Тіл мерекесі» отбасы күніне арналған іс-шаралар, «Өзін-өзі басқару күні» акциялары, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі іс-шаралар;

- қазан: «Қарттар күні», «Мұғалімдер күні», «Қоғамға қызмет ет» акциясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар;
- қараша: «Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны, «Әйелдерге қатысты зорлық - зомбылықсыз 16 күн» Республикалық акциясы, «Республика күні»;
- желтоқсан: «Тәуелсіздік күніне» арналған іс-шаралар, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні, құқықтық тәрбие, «Жаңа жыл»; - қаңтар: құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы, «Оқуға құштар мектебі» жобасы бойынша іс шаралар, қыздар, ұлдар кеңесінің жұмыстары;
- ақпан: патриотизм сабақтары, «Балалар кітапханасы жобасы», цифрлық сауаттылық, кибербулинг, мамандықтар әлемі;
- наурыз: «Алғыс айту күні», «Халықаралық әйелдер күні», «Қош келдің, Әз Наурыз!», Азаматтық қорғаныс күні;
- сәуір: «Көктемгі жақсылық апталығы», «Жасыл Ел» бағдарламасы бойынша іс-шаралар, «Таза аула» акциясы, «Мектеп түлектерінің аллеясы», «Әкелер күні» мерекесіне арналған іс-шаралар, дене шынықтыру, сауықтыру шаралары;
- мамыр: «Қазақстан халқының Бірлігі күні», «Жеңіс күні», «Соңғы қоңырау»; - маусым: «Балаларды қорғау күні», «ҚР рәміздері күні», әскерипатриоттық оқу дала жиыны, «Мектеп бітіру кеші».

**2024-2025 оқу жылында** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны өзгертіліп, жаңартылды. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасы «Әділетті Қазақстан-Адал азамат Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипатталады.

**Бағдарлама мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату,
- отбасы, мемлекет, қоғам алдындағы жауапкершілік
- өз құқығы мен бостандығын, басқаның құқығы мен бостандығын қорғауға дауын болу
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға дайын болу

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру
- Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу
- табиғатқа, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу
- адалдық, әділдік, мейрімділік, ар-ұят, қамқорлық, қайырымдылық, адамдық қасиеттерін бойына ұялату

**Парасаттылық және адалдықты қалыптастыру:**

- әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу
- өз істері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу.

2024 -2025 оқу жылында келесі жобалар іске асыруда: «Балалар кітапханасы», «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өркен», «SMART BALA», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы» т.б. жобалар іске асырылған.

Білім алушылардың жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасалған.

